

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2020 жылғы 22 қазан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар, алдымен күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қарау жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Мәдениет және спорт министрі Райымқұлова Ақтоты Рахметоллақызына беріледі.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасының мақсаты қолданыстағы заңнаманы жетілдіру және мәдениет саласын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Жобамен қамтылған негізгі бағыттар кітапхана және баспа ісі, мәдени-көпшілік ісшараларды реттеу мәселелері және шығармашылық одақтарды қолдауға қатысты түзетулер болып отыр.

Жоба «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы», «Мәдениет туралы» және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына түзетулер енгізуді көздейді және түзетулердің негізгі блогы мәдениет саласына қатысты.

Заң жобасының ең өзекті түзетулеріне тоқталуға рұқсат етіңіздер.

Электронды кітапхана мәселесі. 2007 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы базасында Қазақстан ұлттық электрондық кітапханасының жобасы іске асырылып келеді. Сонымен қатар бүгінде еліміздің электрондық кітапханасын іріктеу, қалыптастыру, толықтыру және дамыту тәртібін айқындайтын заңнамалық база жоқ.

Қазақстан Республикасының мәдени құндылықтары мен ұлттық мәдени игілігін электрондық форматта сақтау бағытында айтылған олқылықтарды жою, сондай-ақ халықтың зияткерлік әлеуетін арттыру және қазақстандық ғылым мен мәдениетті танымал ету бойынша жағдайларды арттыру мақсатында заң жобасында электрондық кітапхана мәселелерін реттейтін нормалар көзделіп отыр.

Концерттік қызмет мәселесі. Концерттік-ойын-сауық ісшараларын өткізу кезінде туындайтын бірқатар проблемалар бар. Орындаушылар тарапынан концерттер өткізу кезінде әдепсіз мінез-құлық көрсету, сахнаға ұқыпсыз шығу үрдісі орын алып отыр, сондай-ақ жоспарланған концерттік бағдарламаларды орындамау, әдепсіз сөздері бар репертуар таңдау, көрермендерді хабардар етпей фонограмманы пайдалануға жол берілген бірқатар орын алған фактілер де бар.

Осы орайда заң жобасы аясында заңнамалық деңгейде орындаушылардың осындай мінез-құлқына жол бермеу бойынша бірқатар міндеттемелерді енгізу арқылы осы мәселелерді барынша реттеуге тырыстық. Олардың ішінде маңызды нормалардың бірі – музыкалық шығарма орындаушыларының фонограммаларды қолдануы туралы көрерменді хабарлау. Фонограммаларды пайдалану тәртібі заңға тәуелді актіде айқындалатын болады. Барлық жарнамалық өнімдерде және кассалар жанында міндетті түрде фонограмманы пайдалану бойынша хабарлама беріледі. Бұл көрерменге фонограмманы пайдаланумен өтетін концертке билет сатып алуды немесе одан бас тартуды таңдауына мүмкіндік береді және билеттің құнына да әсер етеді.

Көркемдік кеңестер мәселесі. Қолданыстағы «Мәдениет туралы» Заңға енгізілген нормаларға сәйкес министрлік жанындағы мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметін үйлестіру мақсатында мәдениет саласындағы қызметтің барлық бағыттары бойынша республикалық көркемдік кеңестер жұмыс жасайтындығы өздеріңізге белгілі.

Көркемдік кеңестердің жұмысы оң нәтиже беруде, театрлардың репертуары жақсарып, киножобалардың, әдебиет пен өнер шығармаларының да деңгейі артып отыр. Тұрақты негізде саланың даулы мәселелері талқылауға шығарылып, өз шешімін табуда.

Сонымен қатар республикалық көркемдік кеңес аясында барлық салалардың көптеген проблемалық мәселелерін қамтудың мүмкін еместігін тәжірибе көрсетіп отыр. Осыған орай заң жобасы өңірлік мәдениет ұйымдарының қызметін үйлестіру мақсатында өңірлерде көркемдік кеңестер құруды көздеп отыр.

Қоғамдық маңызы бар әдебиеттерді сатып алу мәселесі. 2017 жылы депутаттық корпусының арқасында алғаш рет заңнамалық деңгейде авторларға қоғамдық маңызы бар әдебиет үшін қаламақы төлеу тәжірибесі енгізілді. Бұл басқа елдерде болмаған жағдай. Алайда іс жүзінде ыңғайсыз қайшылықтар пайда болды. Атап айтқанда, автордан әдебиеттерді сатып алу авторлық құқықтың барлық мерзіміне мемлекетке авторлық құқықты беруді көздейді. Ол автордың өмір сүрген кезіндегі мерзім және одан кейінгі 70

жыл. Бұл тұрғыда мемлекет әдебиетті мемлекеттік кітапханаларға өтеусіз негізде тарату үшін ғана сатып алатынын айта кеткен жөн.

Өз кезегінде автордың сол шығармаларын қайта шығаруға немесе кітап дүкендеріне сатуға немесе оны басқа жолдар арқылы сатуға құқығы жоқ болатын. Бұл жағдайда мемлекеттің халыққа мәдени өнімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеті орындалмайды, керісінше шектеліп отыр. Осыған орай жобада әдебиетті басып шығару және тарату мақсатында автордан әдебиеттерді белгілі бір мерзімге сатып алу қарастырылып отыр. Одан әрі автор оны басып шығаруға және Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған кез келген басқа жолдармен таратуға құқылы болады.

Мемлекеттік кітапханалар мен музейлердің ақылы қызметтері мәселесі. Қолданыстағы «Мәдениет туралы» Заңда музейлер мен кітапханалар іске асыруға құқылы ақылы қызмет түрлерінің тізімі және олардан пайда табу тәртібі қарастырылған. Тізім сол кезде мемлекеттік мекеме нысанында жұмыс істеген кітапханалар мен музейлерге құқық беру үшін заңға енгізілген болатын. Бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес, егер ақылы қызметтер құқығы салалық заңдарда көзделмесе коммерциялық емес болып табылатын мемлекеттік мекемелердің нысанында құрылған ұйымдардың бұндай қызметке құқығы жоқ. Алайда бүгінгі күні Қазақстанның көптеген музейлері мемлекеттік кәсіпорындарға айналған. Осы орайда қолданыстағы заңда музейлер мен кітапханаларға табыс табуға мүмкіндік беретін норма кәсіпорындардың ақылы қызметтер көрсету аясын шектеп отыр. Осыған орай заң жобасында осы норманың қолданылуын мекемелер түрінде құрылған ұйымдарға ғана қолдану ұсынылып отыр. Кәсіпорындар «Мемлекеттік мүлік туралы» Заң талаптарының аясында қызмет ететін болады.

Сонымен қатар осы заң жобасы аясындағы ең маңызды нормалардың бірі мемлекет жүз пайыз қатысатын ұйымдарды жекешелендіруге тыйым салатын түзету деп есептейміз.

Құрметті депутаттар, заң жобасы Парламент қарауында сапалы пысықталды. Мұрат Бақтиярұлы бастаған жұмыс тобына және депутаттардың жасаған еңбектері мен елеулі ұсыныстарына алғысымды білдіргім келеді.

Сіздердің арқаларыңызда жоғарыда аталған барлық новеллалар ұлттық заңнамамызда өз орнын тауып, еліміздің мәдениет саласын одан әрі дамытуға септігін тигізеді деп сенемін.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Нұрсипатов Нұржан Нұрланбекұлына беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Рақмет.

Құрметті Ақтоты Рахметоллақызы, мәдениет саласындағы мемлекеттік саясат принциптерінің бірі – мәдени мұраларымызды сақтау және дамыту. Осыған орай келесі сұрақтар туындап отыр.

Мұражайлар мен архивтердегі құнды жәдігерлерімізді сақтандыру мәселесі қандай жағдайда? Ел тарихы мен мәдениетінен мағлұмат беретін экспонаттарды шетел

көрмелеріне шығарғанда зақымдалудан, жоғалып кетуден, қайта қалпына келмейтіндей бұлінуден сақтандырудың тәртіптері қандай?

Жалпы кино, фотоқұжаттар, ұлы тұлғаларымыздың келбеті, үні жазылған таспалар, қолжазбалар, тарихымызға, мәдениетімізге қатысты деректер сақталатын архив пен мұражай ғимараттары стратегиялық объект ретінде қорғала ма? Қазақстанда осындай маңызды объект қанша?

Осы сұрақтарға жауап берсеңіз.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Рақмет. Өзіңіз айтқандай, біздің мәдени құндылықтарымыз, құжаттарымыз жалпы мәдениет туралы, мәдени-тарихи ескерткіштер туралы, архив ісі туралы заңдардың аясында сақталады және жұмыстарымызды осы заңдардың арқасында ілгерілетіп жатырмыз.

Біздің елімізде 24 миллионнан астам архивтік құжат бар, олар 220 мемлекеттік архивтің ішінде сақталып тұр. Өзіңіз айтқандай, 2020 – 2025 жылдарға арналған кешенді мемлекеттік бағдарлама қарастырылып, бүгінгі күні іске асырылып жатыр.

Сонымен қатар Мәдениет министрлігі жалпы архивтер мен кітапханаларды, мәдени құндылықтарымызды сақтау бағытында бірталай жұмыс атқарып жатыр. Соның ішінде осы архивтерді сақтау бойынша интернет, электрондық бағдарламаларды іске қосып жатыр.

Өздеріңіз білесіздер, біздің музейлеріміз, кітапханаларымыз және архивтеріміз, бұлар мемлекеттік сақтау құқықтарына ие болатын мекемелер. Сондықтан қазіргі уақытта ең ірі қоймамыз – Орталық музейдің ішіндегі ұлттық архивті Ішкі істер министрлігі өзінің бұйрығымен сақтау бағдарламасына енгізді. Бұл бұрын-соңды болмаған нәрсе.

Бүгінгі күні бүкіл архив осындай бағдарламаға кірді деп айта алмаймын. Өкінішке қарай, көптеген мемлекеттік архивтер тиісті жабдықтардың жоқтығынан сақтандыру қорларын құра алмай отыр. Біздің кешенді бағдарламамызда осы жұмысты оңтайландыру мәселелері қарастырылған. Әрине, ол кешенді жоспардың ішінде қаражат мәселелерін айту керек.

Сонымен қатар біздің мониторинг жүргізгеніміздің арқасында архивтердің жалпы құрылымдарының ішінде 100 пайыздық толық болғаны да көрсетіліп отыр. Сондықтан архивтердің құрылысы да маңызды болып тұр. Бұл біздің кешенді бағдарламамызда көрсетіліп отыр.

Жалпы құжаттардың сақталуы үшін және оларды шетелдерге шығармау үшін, соған тосқауыл қою үшін бүгінгі күні бағдарламалық электрондық нысан дайындалып жатыр. Оны біз Қаржы министрлігімен, Ішкі істер министрлігімен бірге жасап жатырмыз.

Бүгінде министрлік осындай шараларды атқарып жатыр.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Әбдікерев Рысқали Қалиақбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Ақтоты Рахметоллақызы, өзіңіз бүгін атап өткендей, талқыланып отырған заң жобасы бойынша қойылатын концерт барысында орындаушылардың әдепсіз

іс-әрекетін қадағалау, сондай-ақ фонограмма туралы алдын ала хабарлау концерт ұйымдастырушыларына жүктеліп отыр.

Алайда қазіргі таңда елімізде қаласа әрбір азаматтың концерт ұйымдастыра алатындығын ескерген жөн, билет сатып, көрермендер жинай алса болғаны. Мәселен, АҚШ, Ұлыбритания, Малайзия сияқты мемлекеттерде лицензиясы бар ұйымдар ғана концерттік ішараларды өткізе алады. Ал Қытай, Беларусь, Әзірбайжан, Украина, Армения, Өзбекстан және Түрікменстан, Молдова мемлекеттерінде де концерттік қызмет жүйеленген және рұқсат беру құжаттары негізінде жүзеге асады. Сондықтан бұл елдерде концерт ұйымдастырушылардың кәсіби деңгейі және жауапкершілігі өте жоғары.

Осыған орай сұрақ. Қазақстанда концерттік ойын-сауық ішараларын өткізетін қанша ұйым тіркелген және олардың қызметін қадағалайтын қандай механизм бар? Сондай-ақ ұйымдастырушылардың жауапкершілігін арттыру болашақта көзделе ме? Рақмет.

РАЙЫМҚҰЛОВА А.Р. Сұрақтарыңызға рақмет.

Сізбен толығымен келісемін. Бастапқы кезде заңды әзірлеу барысында біздің негізгі нормаларымыздың бірі – мониторинг негізінде концерттік қызметті лицензиялау арқылы жүзеге асыру қарастырылған болатын.

Заң жобасы аясында, өзіңіз айтқандай, әлемдік тәжірибеге сәйкес Қазақстанда концерттік қызметті лицензия алу арқылы жүзеге асыру бойынша нормамыз бар еді.

Сонымен қатар осы норманы мемлекеттік органдармен келісу барысында «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Ұлттық экономика министрлігі, Әділет министрлігі тарапынан бұл жөнінде бизнеске қосымша әкімшілік тосқауыл қоятыны айтылды және жалпы саладағы талаптарды қатаңдатады деп біздің осы нормамызды алып тастағанын айтып кету керек.

Сіздің сұрағыңыз бойынша айтатын болсам, біздің елімізде жалпы 36 мемлекеттік концерттік ұйым бар. Олардың екеуі эстрадалық музыкамен және эстрадалық концерттер ұйымдастырумен шұғылданады. Екі республикалық концерттік ұйым және төрт жеке концерттік ұйым бар.

Сонымен қатар осы нысаналы топ мәдени-бұқаралық концерттерді, ішараларды ұйымдастыруды заңда белгіленген тәртіппен іске асырады. Сондай-ақ заңды тұлға ретінде белгіленбеген кәсіпкерлердің де санын атап өтейін, 1,5 мыңнан астам кәсіпкер (event-агентства деп аталады) осындай жұмыстармен шұғылданып жатыр.

Қазіргі кезде министрлік осы тұжырымдамалық тәсілдердің негізінде бұл жұмыстарды оңтайландыру мақсатымен және бірізділікке түсіру үшін мәдениет саласындағы әрбір негізгі бағыттар бойынша ұйымдастыру орталықтарын жасады. Мысалы, эстрадалық өнер бойынша «Қазақконцерт» республикалық мекемесі орталық болды. Олардың жалпы республика бойынша республикалық, қалалық, аудандық, облыстық гастрольдік қызметін бірізділікке түсіру үшін және олардың жұмыстарын орталықтандырып, жүйелі жұмыс жасау үшін осындай орталықтарды жасадық.

Сонымен қатар музей саласында, театр саласында, кітапхана саласында да осындай орталықтарды жасап, тұжырымдамалық негізде біз осы бағыттарды орталықтандырып жатырмыз.

Өзіңіз айтқандай, концерттік ойын-сауық ішараларын өткізетін ұйымдардың қызметін қадағалауды осы механизм арқылы жасаймыз деп отырмыз және жоғарыда айтып кеткен лицензиялау нормалары болмаса да бүгінгі күні осы фонограмманы қолдану туралы норманы заңымызға енгіздік. Мысалы, фонограммамен айтылатын бағдарлама туралы көрерменді хабардар ету және осы хабардар етуді бүкіл жарнаманың ішіне енгізуді норма қылып салып жатырмыз. Бұл да біздің жақсы механизмдеріміздің бірі болады деп ойлаймыз.

Осы норманың бірінші рет енгізілгеніне байланысты біз бүгінгі күні ұйымдастырушы мен орындаушының арасындағы келісімшартқа фонограмманы пайдалану туралы тетікті заң аясындағы ережелерге кіргіземіз. Егер ұйымдастырушы мен орындаушының арасындағы келісімшарттарда осы норма болып, ұйымдастырушы немесе орындаушы норманы бұзатын болса, онда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс нормаларына байланысты заң алдында жауап береді. Біз алғаш рет енгізіп жатырмыз. Егер мониторинг бойынша осындай құқық бұзушылықтар көп болып жатса, онда біз Әділет министрлігімен бірге Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске арнайы норма енгізу үшін жұмысты бастаймыз. Бұл мониторинг бойынша шешіледі. Осы механизмді алғашқы қадам ретінде қарастырып жатырмыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа сұрақ жоқ.

Ақтоты Рахметоллақызы, рақмет, орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А. Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Баяндамада айтылғандай, біз қарастырып отырған заң жобасы қолданыстағы заңнаманы жетілдіруге және мәдениет саласын дамытуға бағытталған.

Заң жобасы Қазақстанның ұлттық электронды кітапханасының құқықтық негіздерін қалыптастыру тәртібін көздейді және электрондық кітапхана қорын кеңейтуге мүмкіндік беріп, оның объектілерін анықтайды.

Заң жобасында Қазақстандағы кітапханалардың жиынтық электронды каталогы және ойын-сауық мәдени бұқаралық ішара туралы жаңа ұғым енгізілді.

Қоғамдық маңызы бар әдебиеттерді таңдау және басып шығару, авторлық құқық тәртібі мәселелері реттеліп, анықталып отыр. Бұл маңызды, өйткені оған дейінгі нормада автордан шығарманы мемлекеттік меншікке сатып алуда бірқатар келіспеушіліктер орын алып, авторлық құқық талаптарын шектейтін жағдайлар болған. Енді мемлекеттің авторлардан шығармашылық өнімдерді белгілі бір мерзімге сатып алу нормалары қарастырылды.

Заң жобасы мұражай, кітапхана, театр және цирк өнері, музыкалық және концерттік ішаралар бойынша аймақтық көркемдік кеңестер құруды көздейді. Бұл кезегінде өңірлердегі мәдени ұйымдардың қызметін үйлестіреді, оның бірқатар проблемаларын шешуге атсалысады.

Заң жобасы сонымен бірге шығармашылық одақтарды қаржыландыруды реттейтін жаңа норма енгізеді. Шығармашылық одақтарды қолдау еліміздегі әлеуметтік саясатты жүзеге асырудағы қатынастардың жаңа моделін қалыптастырады, шығармашылық бастамаларды қолдау қорларын құруға мүмкіндік туады. Ал концерттік қызметті реттеу нормасы концерттік қызметті жүйелеу, орындаушылардың деңгейін және репертуарының сапасын арттыру, сондай-ақ фонограммаларды пайдалану жөніндегі мәселені қарастырып отыр. Алайда ойын-сауық мәдени-бұқаралық ішараларды өткізу кезінде бірқатар міндеттемелер енгізілгенімен заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қаралмағаны туралы мәселе жұмыс тобы барысында біраз талқыға түсті.

Осы орайда заң жобасын әзірлеуші министрлік құқық қолдану практикасындағы аталған норманы бұзу бойынша нақты фактілер жүйелі түрде анықталған жағдайда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске әкімшілік жауаптылықты көздейтін түзетулер енгізу жөнінде бастама жасау мәселесін алдағы уақытта көтеретінін мәлімдеді.

Заң жобасын қабылдау мәдениет, оның ішінде кітапхана және баспа ісі саласындағы қатынастарды, ойын-сауық мәдени-бұқаралық ішараларды өткізуді ұйымдастыру мәселелерін, мемлекеттік кітапханалар мен музейлердің ақылы қызметтері тәртібін, сондай-ақ шығармашылық одақтармен өзара іс-қимылды тиімді реттеуге мүмкіндік береді.

Тұрақты комитеттерден ескертулер мен ұсыныстар жоқ.

Баяндалғанды ескере отырып, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауды ұсынады.

Құрметті депутаттар, қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСІП Н.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Қаралып отырған заң жобасы өте өзекті. Мәдениет, бұл ұлттық құндылықтардың қатарына жатады. Біздің ұлттық тәуелсіздігіміз Қазақстанды мекендеп отырған барлық ұлт пен ұлыс өкілдерін қазақ мәдени кеңістігінде өмір сүруге жетелейді. Бұл не деген сөз?

Түсінікті болу үшін мына бір нәрсені айта кетейін.

Шекара сызығы не үшін сызылады? Бұл – елдің қорғаныс шекарасы ғана емес, сонымен бірге мәдениет шекарасы деген сөз. Осы сызықтың ішінде мәдени кеңістік болады. Мәдени кеңістік аясында ұлттық құндылықтар қалыптасады. Біз Әл-Фарабидің, Абайдың және басқа тарихи тұлғалардың мерейтойларын тек той тойлау үшін өткізбейміз. Бұл шаралар Қазақстан халқын біртұтас бір мәдениет шеңберінде тәрбиелеуге бағытталған.

Қазақ тарихын, әдебиеті мен мәдениетін, тұрмыс салтын, дәстүрін білу, құрметтеу, мойындау – мәдени кеңістіктің алғышарты.

Осы тұрғыдан алғанда қарауға ұсынылған заң жобасында бірқатар жаңа нормалар бар, ол жаңа баяндамада айтылды.

Өнерде тазалық керек, өмірде де солай.

Фонограммамен ән айту шектеледі. Бұл таза таланттарға жол ашады деп ойлаймыз. Заң жобасында тиісті нормалар қарастырылған.

Сонымен бірге менің айтайын дегенім, Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы тапсырмасымен «Мәдени мұра» бағдарламасы жасалды, «Қазақтың 1000 әні», «Қазақтың 1000 күйі» жинақталды.

Сонымен іс бітті ме? Қазақтың 1000 әні мен 1000 күйі эфирден неге естілмейді?

Эфир – Қазақстанның эфирі. Ондағы жиілікті мемлекет береді. Қазақстанда жұмыс істейтін түрлі радио арнасы эфирлік жиілікті конкурс арқылы алады. Ендеше неге біз мемлекеттің мәдени мұрасын кеңінен насихаттау мәселесін талап ете алмаймыз? Радио таратушыларға неге міндеттей алмаймыз?

Қазақстанның эфирінде қазақтың ән мен күйі саңқылдап естіліп тұруы керек. Сонда ғана елдегі рухани жаңғыру ерекше сипат алатын болады. Алдағы уақытта осы талап ескерілсе дейміз.

Қоғамдық маңызы бар әдебиетті басып шығару, бұл да маңызды мәселе. Осыған дейін совет кезінде өмір сүрген жазушылардың кітаптары әртүрлі сериямен қайта басылып келе жатыр. Мұндай практикадан кету керек. Өмірге, қазіргі тіршілікке сұранысы жоғары кітаптарды басып шығару қажет. Сондықтан Қазақстандағы кітап басу ісін ашық нарыққа жіберу керек деп есептейміз.

Балалар әдебиетін қолдау мен дамытуға салалық министрлік баса мән бермесе болмайды.

Сондай-ақ салалық көркемдік кеңестер жұмысы да өте маңызды. Бұны да дұрыс ұйымдастыру керек, бұған білікті мамандар тартылу керек. Талғам мен талап өте күшті болу керек.

Бәрі мәдениетке байланысты: ұлттық мәдениет, рухани мәдениет. Күнделікті былық-шылықтың, жемқорлықтың, сыбайластықтың, әдепсіздіктің орын алуының барлығы да мәдениеттің болмауынан. Мәдени деңгейімізді көтермейінше көп нәрсені жоғалтып аламыз.

Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз Жолдауында ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру туралы айтты.

Қазақтың ұлттық жаңа болмысын мәдениетсіз, мәдениетті азаматтарсыз елестете алмаймыз. Сондықтан да қаралып отырған заң жобасын қолдауды әріптестерімнен сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау аяқталды. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңын

қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Бүгін қабылданған заң еліміздің мәдениет саласын дамыту үшін аса маңызды. Бұл құжат кітапхана және баспа ісін жетілдіруге, отандық электрондық кітапхана қалыптастыру мен оның қорын кеңейтуге жағдай жасайды. Сондай-ақ мәдениет ұйымдары мен шығармашылық одақтардың жұмысын қолдауға және концерттік қызметті реттеуге мүмкіндік береді. Бұл заң қоғамдық маңызы бар әдебиеттерді іріктеудің ашықтығын да қамтамасыз етеді. Бір сөзбен айтқанда, заң мәдениет саласындағы көптеген мәселені құқықтық тұрғыдан шешеді.

Ақтоты Рахметоллақызы, осы заңды талқылау барысында сенаторлар мәдениет саласына қатысты біраз мәселені көтерді, әріптестеріміз жаңа да айтып жатыр, комитетте де айтылды. Алдағы уақытта олар негізінен оң шешімін табады деп сенеміз.

Істеріңізге сәттілік тілейміз. Рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті сенаторлар! Келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату, су қорғау белдеулері және жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл заң жобасын Парламенттің бір топ депутаттары әзірледі.

Баяндама жасау үшін сөз бастамашы топтың атынан Мәжіліс депутаты Қаракен Құралай Әнуарқызына беріледі.

ҚАРАКЕН Қ.Ә. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті сенаторлар! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату, су қорғау белдеулері және жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы (бастамашылық) осы салалардағы міндеттерді шешуге бағытталған.

Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату мәселелері жөніндегі заң жобасының нормалары қатты тұрмыстық қалдықтарды кейіннен электр энергиясын ала отырып, оларды жағу жолымен қайта өңдеу үшін құқықтық база жасайды.

Біздің елімізде жыл сайын шамамен 5 миллион тонна қалдық пайда болады және олардың тек 15 пайызы сұрыпталады және қайта өңделеді.

Қазір осы міндетті іске асыру үшін бүкіл әлемде қоқыс жағатын кешендер жұмыс істейді, бұл қалдықтарды көму көлемін азайтудың тиімді тетігі болып табылады. Бізде де кейін электр энергиясын өндіру арқылы оларды термиялық өңдеумен шешуге болады. Мұндай тәсіл республикадағы полигондардың саны мен алаңын қысқартуға ғана емес, сонымен қатар қалдықтарды жағудан экологиялық және экономикалық нәтиже алуға мүмкіндік береді. Оның ішінде қалдықтармен жұмыс істеу жүйесін қалдықсызға барынша қайта бағдарлайды. Өртеуге басқа қайта өңдеуге жатпайтын қалдықтардың бір бөлігі ғана жататын болады. Осыған орай заң жобасы арқылы Экологиялық кодекс, «Электр энергетикасы туралы» және «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау

туралы» заңдарға түзетулер енгізу ұсынылады. Олар электр энергиясын алу үшін қалдықтарды жағу процестерін қолдау тетігін құруға бағытталған.

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау бойынша есеп айырысу-қаржы орталығы 15 жыл ішінде қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату бойынша объектілермен өндірілген электр энергиясын кепілді сатып алатын болады.

Қоқыс жағатын зауыттардың қоршаған ортаға теріс әсерін азайту үшін атмосфералық ауаға ластаушы заттарды шектеу, сонымен қатар оларды мониторингілеу және бақылау бөлігінде еуропалық стандарттарға баламалы қоқыс жағатын зауыттарды пайдалануға қойылатын талаптарды белгілеу ұсынылады.

Заң жобасы қосымша уәкілетті органның мынадай құзыретін көздейді:

- 1) қоқыс жағатын зауыттар өндіретін электр энергиясын сатып алуға шекті аукциондық бағаны белгілеу бойынша заңға тәуелді актілерді әзірлеу;
- 2) қоқысты жағуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесін бекіту;
- 3) өртеуге жатпайтын қалдықтар тізбесін бекіту.

Сондай-ақ заң жобасында уәкілетті органның аукционға қатысуға үміткерлерді алдын ала іріктеуі жөніндегі нормалар көзделеді.

Су кодексіне, «Темір жол көлігі туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне темір жол көлігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарға түзетулер су қорғау белдеулеріне және темір жол көлігімен жүк тасымалдауға қатысты.

Су кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес республикалық маңызы бар қалалар шегінде жоспарлаудың нақты шарттарын негізге ала отырып және дамудың бас жоспарларына орай қолданыстағы құрылыс шегінде су объектісінің су қорғау белдеулерінің енін 35 метрден 20 метрге дейін азайтуға жол беріледі.

«Темір жол көлігі туралы» Заңға «жүк» ұғымының жаңа редакциясы ұсынылған. Ол Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын Халықаралық темір жол жүк қатынасы туралы келісімге сәйкес келеді және ол бойынша бос меншікті вагондарға транзиттік тариф қолданылатын болады.

Құрметті сенаторлар, осылардың негізінде аталған заң жобасын қолдауды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызына беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің сұрақтарым Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен Энергетика министрлігіне бағытталады.

Бүгінгі қабылданғалы отырған заң жобасы аясында елімізде тұрмыстық қатты қалдықтарды термиялық жолмен өңдеу арқылы электр энергиясын алуды көздейтін 6 зауытты 2024 жылға дейін салу және оған 180 миллиард теңгеден астам жеке инвестиция тарту жоспарланып отыр. Осы орайда қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарататын зауыттардың өнім беретін қуаттылығы қандай болады? Осы зауыттарды шикізаттармен,

яғни қатты тұрмыстық қалдықтармен қамтамасыз ету жолы қалай болмақ? Бұл 6 зауыт елімізге көптік етпей ме? Ертеңгі күні зауыттардың жабылып қалу тәуекелі қаншалықты?

Және осы заңға қатысты келесідей сұрағым бар.

2019 жылы Алматы қаласының маңайындағы қоқыс өңдейтін зауыттың жұмысымен танысқан болатынмын. Сол кезде зауытта жұмыс жасайтын қаракөз ұлдарымыз бен қыздарымыздың жалақысы 70-80 мың теңге екендігі айтылған еді. Осы жұмысшылардың істеп жатқан ортасында зиянды газдардың, инфекциялық немесе басқа да аурулардың таралу деңгейі жоғары екендігі байқалады. Аталған зауыттардағы жұмысшылардың әлеуметтік жағдайлары болашақта қаншалықты қорғалады және осы жәйді ескере отырып, жалақысы көтеріледі ме немесе зиянды жағдайдағы жұмыстары үшін қосымша ақы қосылады ма? Салалық министрліктер, осындай зиянды ортада жұмыс жасайтын азаматтарымызды әлеуметтік қолдау үшін қандай шешімдер қарастырды? Рақмет.

ТӨРАҒА. Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Пірімқұлов Ахметжан.

ПІРИМҚҰЛОВА А.Ә. Рақмет.

Құрметті Динар Жүсіпәліқызы, сұрағыңызға рақмет. Біз кезінде осы заң жобасын әзірлеген Энергетика министрлігімен бірге анализ жасадық. Осы алты зауыт шамамен жылына 182 миллион киловатт/сағат береді деп жоспарлануда.

Сонымен бірге заң жобасында жергілікті атқарушы органдар осы зауыттарды қоқыспен қамтамасыз ететін нормалар енгізілді.

Заң жобасында пилотты алты қаланы көрсеттік. Осы алты қалада қоқыс жылына 100 мың тоннадан кем болмау керек. Сол кезде ғана бұл зауыттар өз өнімін сатып, өз пайдасын таба алады. Сондықтан біз бірінші этап бойынша осы алты қаланы ғана белгілеп отырмыз. Егер қоқыс 100 мың тоннадан кем болатын болса, экономикалық жағынан дұрыс болмайды, инвесторлар оған бармайды деген эксперттердің көзқарасы бар.

Екінші сұрақ бойынша айтсам, жұмысшылардың осы зауыттардағы әлеуметтік жағдайы бойынша Динар Жүсіпәліқызы айтып кетті. Өңірлердегі алты зауытқа шамамен 180 миллиард теңге инвестиция тарту көзделуде. Бұл зауыттар барлық экологиялық және халықаралық стандарттарға сәйкес болады және олардың еңбек жағдайы да, жалақылары да дұрысталады деген негіз бар. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы. Мен заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді қолдауға шақырамын.

Менің сұрағым Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне. Сұрақ тұрмыстық қалдықтарды жағудың экономикалық құрамдас бөлігі туралы.

Қоқысты қайта өңдеу тарифінің құрылымы маңызды болып қала беруде. Қазіргі таңда көптеген елдерде қайта өңдеу кәсіпорындары тарифтің шамамен 45 пайызын алады, одан қалғаны қоқыс шығаратын компаниялар мен полигондарға тиесілі. Мамандар атап

өткендей, бізде тарифтің 60 пайыздан астамын қоқыс шығарушы компания иемденеді, ал қалғанын қайта өңдеуші кәсіпорындар мен полигон өзара бөліседі.

Менің ойымша, тарифтің мұндай қалыптасуы кезінде осы салаға инвесторлар тарту өте қиын болады. Осы зауыттарды енгізу жобалары өте қымбат болғандықтан және әлеуетті инвесторлар үшін инвестициялық қайтарымы айқын болуы маңызды.

Осыған байланысты тарифтік құрылымды қайта қарау қажет деп есептейсіздер ме? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

ПРИМҚҰЛОВА А.Ә. Құрметті Айгүл Жарылқасынқызы, бүгінгі күні тариф тек қана жинау, тасымалдау және көму бойынша шараларды ғана қамтиды. Сұрыптау және қайта өңдеу бойынша министрліктің бұйрығына сәйкес Алматы және Нұр-Сұлтан қалалары бойынша ғана тариф сәйкес келеді. Алматы қаласында 550 теңге, Нұр-Сұлтан қаласында 390 теңге, басқа өңірлерде тарифтің көлемі 100 теңге мен 200 теңгенің шамасында. Ол тариф қайта өңдеу мен сұрыптау мәселелерін қарастырмайды.

Осы заң жобасын қарастыру кезінде анализ жасағанда, егер энергетикалық кәдеге жарату үшін біз тек қана осы тарифпен жасайтын болсақ, ол тарифті халыққа 20-30 есе көбейту керек болады, ол халықтың ортасында наразылық тудыруы мүмкін. Сондықтан осындай механизмге келіп, осы жаңартылған энергия көздері арқылы энергияны сатып, соны тарифпен дотациялауды көздеп отырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа сұрақтар жоқ, әріптестер.

Құралай Әнуарқызы, рақмет сізге, орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Жұмағазиев Мұхтар Сабырұлына беріледі.

ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! Талқыланып отырған заң жобасының экологиялық және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан маңызды екендігі сөзсіз.

Біріншіден, заң жобасын қабылдау экологиялық құрамдас бөлікке оң әсер етеді деген ойдамын. Өйткені қатты қалдықтарды энергетикалық өңдеу арқылы олардың тиісті полигондарға келіп түсетін көлемін қысқартады және қалдықтарды қайта өңдеу үлесін ұлғайтады. Бұл ретте қатты қалдықтардан энергия өндіруші ұйымдарға қойылатын талаптар да белгіленіп отыр.

Сонымен қатар электр энергиясына шекті аукциондық бағаларды айқындау және индексстеу арқылы электр энергиясын алу үшін қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі сегментті мемлекеттік қолдау қарастырылған.

Екіншіден, заң жобасында «жүк» ұғымын нақтылау көзделген. Бұл өзгеріс бос вагондардың транзиттік жүруі кезінде кірістердің жоғалуын болдырмау үшін халықаралық транзиттік тарифті қолдану мақсатында енгізіліп отыр. Аталған түзету осы

сала бойынша отандық заңнамаларды халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге және экономикалық шығындарды болдырмауға бағытталған.

Үшіншіден, заң жобасында теміржол тасымалдары саласындағы тариф белгілеу реформасының басталу мерзімін 2020 жылғы 1 қаңтардан 2021 жылғы қаңтардың басына ауыстыру көзделіп отыр. Өйткені осы саладағы реформаны дер кезінде жүргізуге әлемдегі және еліміздегі пандемияға байланысты жағдайлар өз әсерін тигізді, сондықтан да енгізіліп отырған түзету мәжбүрлі қажеттіліктен туындайды.

Төртіншіден, заң жобасы республикалық маңызы бар қалалардағы су объектілерінің су қорғау белдеулеріне қатысты мәселелерге бағыттталып отыр.

Әрине, бұл мәселенің түйткілді тұстары да жоқ емес. Ол туралы түскен ұсыныстарды заң жобасын екінші оқылымда талқылау барысында қарау жоспарланып отыр.

Заң жобасы бойынша олардың бастамашылары, мүдделі мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың қатысуымен жұмыс тобының бес отырысы өткізілді.

Заң жобасының тұжырымдамасы бойынша тұрақты комитеттер мен Аппараттың тиісті бөлімдерінен ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Баяндалғанды ескере келе, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 29-бабының 1), 7) тармақшаларын басшылыққа ала отырып, Парламент Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату, су қорғау белдеулері және жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Сенат отырысының қарауына енгізеді және Сенат Регламентінің 58-тармағына сәйкес бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Енді заң жобасын талқылауға көшеміз.
Сөз депутат Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлына беріледі.

САФИНОВ Қ.Б. Рақмет.

Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые депутаты! Поддерживая рассматриваемый законопроект, который направлен на решение важнейших вопросов для улучшения благосостояния наших граждан, также хотел отметить большую работу депутатов-разработчиков.

Вместе с тем хотел акцентировать ваше внимание на один важнейший аспект нашей депутатской законотворческой работы. Депутаты Парламента неоднократно обращали внимание на то, что вместе с законом должны быть представлены и прогнозы возможных экономических, социальных, юридических, экологических последствий действия закона. В своем недавнем выступлении Президент страны особо подчеркнул, что в настоящий сложный период весьма важно принимать решения на основе взвешенных и подготовленных прогнозов. На примере рассматриваемого законопроекта мы видим, что отсутствие прогноза правовых последствий 11 лет тому назад привело к тому, что мы

вынуждены сейчас вернуть ширину водоохранной зоны с 30 метров до 20 метров, как это было раньше. Нормы закона не были реализованы по причине отсутствия запланированных бюджетных средств по принудительному и возмездному выселению из застроенных зданий.

Возвращая сегодня все на прежние места, мы также не получаем четких расчетов и прогнозов, как наше сегодняшнее решение отразится на экологических, социальных условиях жизни граждан, потому что в 2009 году, наверное, эти причины были основанием внести изменения в Водный кодекс. В принципе, непонятна сама логика разработчиков законопроекта, установивших зависимость ширины водоохранной полосы от статуса населенного пункта (города республиканского значения), а не от физико-географических, гидро-ландшафтных и иных естественных условий прибрежной зоны.

Аналогичный вопрос вызывает предложение об энергетической утилизации отходов. Главная цель предлагаемых поправок – ввести на территории Казахстана так называемую энергетическую обработку отходов, по сути, сжигание мусора.

По информации разработчиков, в настоящее время на 3,5 тысячи полигонах страны накоплено более 120 миллионов тонн отходов, ежегодно образуется 5 миллионов тонн, наверное, будет еще больше. При этом только 15 процентов из них сортируются. В связи с отсутствием отдельного сбора отходов высока вероятность того, что энергетической обработке (сжиганию) будут подвергнуты несортированные бытовые отходы. К примеру, по закону Российской Федерации можно сжигать только сортированные твердые бытовые отходы. А в нашем законопроекте предусматривается, что энергетической утилизации могут быть подвергнуты отходы, но перечень отходов, которые нельзя сжигать, будет определять уполномоченный орган. То есть это могут быть несортированные отходы и даже производственные отходы.

Нам не дали всех финансово-экономических расчетов по формированию тарифа на вырабатываемую энергию при сжигании отходов. Цена утилизации отходов на таких заводах будет составлять сотни тысяч тенге за одну тонну сжигаемых отходов. По самым скромным подсчетам, которые прозвучали в средствах массовой информации представителей Министерства энергетики, тариф на электроэнергию, которая будет вырабатываться за счет сжигания мусора на мусоросжигательных заводах, будет составлять более 100 тенге за один киловатт. По примеру с ВИЭ дорогая «мусорная» электроэнергия будет разбавляться недорогой электроэнергией, выработанной на традиционных источниках. Это может повлиять на рост тарифов электроэнергии для населения.

Отсутствие в законе жесткого запрета на сжигание производственных отходов может в итоге привести к серьезной экологической катастрофе.

В недавнем Послании Президент страны сказал, что «охрана окружающей среды и экологическое развитие выходят на первый план казахстанской повестки дня». Это обязывает депутатов усиливать соблюдение принципов экологической безопасности для граждан в рассматриваемом законопроекте.

С учетом вышесказанного, в целом поддерживая принятие рассматриваемого законопроекта, полагаю рассмотреть в последующем в рамках парламентского контроля вопрос об исполнении принимаемых норм закона в части экологической безопасности

населения и провести заслушивание по итогам принятых решений исполнительной властью.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Булавкиной Ольге Александровне.

БУЛАВКИНА О.В. Спасибо.

Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемые коллеги! Законопроект подготовлен в рамках Концепции по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономике», в которой рассматриваются подходы энергоэффективной экологичной переработки отходов, как надежной и щадящей технологии, целесообразной в экономическом и экологическом плане. Кроме того, данная технология позволит создать дополнительные источники получения тепловой и электрической энергии, способные полностью удовлетворить возрастающие потребности в источниках энергии, что является дальнейшим шагом для облегчения нагрузки на окружающую среду.

Все больше стран проводят политику, направленную на содействие развитию сферы регенерации энергии из отходов. В частности, страны Европы и Азии с ограниченными земельными ресурсами и высокой плотностью населения играют ведущую роль в развитии и внедрении технологии энергетической утилизации отходов, в том числе из-за негативного воздействия полигонов на окружающую среду.

В целом для создания в стране эффективной системы управления твердыми бытовыми отходами и модернизации имеющейся инфраструктуры требуется привлечение значительных объемов инвестиций. Реализация законопроекта позволит привлечь внимание инвесторов к термической утилизации бытовых отходов, а также обеспечит их всей необходимой технической и законодательной информацией, необходимой для участия в аукционах. Для инвесторов будут созданы конкурентные условия, что в итоге благоприятно скажется на тарифах.

Предлагаемые законопроектом поправки будут способствовать оптимальному решению этих вопросов.

Уважаемые депутаты, прошу вас поддержать данный проект закона. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату, су қорғау белдеулері және жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысының жобасы сіздерде бар. Сол қаулыны дауысқа қоямын.

Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Бектаев Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенат отырысының бүгінгі күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату, су қорғау белдеулері және жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарауды енгізуді ұсынамын.

ТӨРАҒА. Әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе бойынша комитеттің отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату, су қорғау белдеулері және жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Бұл мәселе бойынша сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Жұмағазиев Мұхтар Сабырұлына беріледі.

ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! Бүгінгі қаралып отырған заң жобасын қабылдаудың негізгі мақсаты туралы толық ақпарат берілді, сондықтан да оның кейбір мәселелеріне тоқталып өтуді жөн көріп отырмын.

Заң жобасы арқылы Экологиялық кодекс пен Су кодексіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 4 заңына, атап айтқанда, «Электр энергетикасы туралы», «Жанартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы», «Темір жол көлігі туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне темір жол көлігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарына тиісті өзгерістер мен түзетулер енгізіліп отыр, яғни олар:

«қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату» ұғымы және қалдықтардан өндіретін электр энергиясын сатып алу тетіктері;

қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды іске асыру барысында қойылатын талаптар мен уәкілетті органның осы саладағы құзыреттері;

республикалық маңыздағы қалаларда «су қорғау белдеуін» белгілеу ерекшеліктері; темір жол тасымалы саласына қатысты мәселелерді қамтып отыр.

Заң жобасын екінші оқылымға даярлау барысында депутаттар тарапынан екі ұсыныс түсті.

Бірінші ұсыныс – заң жобасынан Су кодексіне енгізіліп отырған өзгертулер мен толықтыруды алып тастау. Өйткені аталған нормалар өзендердің физикалық-географиялық, гидрологиялық-геоморфологиялық жағдайларын, эрозиялық процестердің белсенділігі мен рельефтің сипатын және де өзендерді пайдалану ерекшеліктерін ескеруді қажет етеді.

Бұдан басқа заңнамаға сәйкес бекітілген бас жоспар бойынша елді мекендерде жоспарлау мен құрылыс салудың нақты шарттарын есепке алу маңызды фактор болып табылады. Сондықтан да аталған түзетулер қосымша зерделеуді қажет етеді деп санаймыз.

Екінші ұсыныс. Кейінгі кездері әлеуметтік сала бойынша қабылданған қоғамдық маңызы зор заңдарды ескере отырып және де осы салалардағы азаматтардың сіңірген еңбегін бағалау мақсатында оларды Еңбек даңқы орденімен марапатталатын тізімге енгізу қажеттігі туындады. Бұл ретте заң жобасы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Заңға өзгеріс енгізу жөніндегі жаңа тармақпен толықтырылады және тиісінше заң жобасының аты өзгертіліп отыр.

Заң жобасына енгізілетін түзетулер салыстырмалы кестеге енгізілген және де олар комитеттің кеңейтілген отырысында толықтай қолдау тапты.

Баяндалғанды ескере келе, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 29-бабының 1), 7) тармақшаларын басшылыққа ала отырып, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату, су қорғау белдеулері және жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына өзгерістер мен толықтыруды Сенат отырысының қарауына енгізеді және Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 5-тармағына сәйкес оларды Парламент Мәжілісіне жіберуді ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Заң жобасы бірінші оқылымда жан-жақты талқыланды. Құрметті әріптестер, тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Ендеше заң жобасы бойынша салыстырма кестені қараймыз. Кестеге үш түзету енгізілген. Бас комитет бұл түзетулерді қабылдансын деген ұсыныс жасап отыр.

Бас комитеттің ұсыныстарын қолдайсыздар ма?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Олай болса, заң жобасы бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң жобасына Сенат енгізген түзетулер қабылданды.

Енді Мәжіліс мақұлдаған қалған баптарды дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс мақұлдаған баптар қабылданды.

Енді Сенат енгізген түзетулерді Мәжіліске жіберу туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасына Сенат енгізген түзетулер Мәжіліске жіберіледі.

Құрметті әріптестер! Қазақстанда жиналып қалған тұрмыстық қалдықтардың жалпы көлемі 100 миллион тоннадан астам, жаңа оны әріптестеріміз айтып өтті. Соған қарамастан елімізде оларды қайта өңдеу деңгейі өте төмен, қазіргі таңда бұл көрсеткіш 15 пайыздың төңірегінде.

Депутаттардың бастамашы болуымен дайындалған заң жобасында ең алдымен көмуге жататын қалдықтардың көлемін азайту үшін оларды жағу арқылы электр энергиясын алу ұсынылады. Сонымен қатар құжатта энергияны кепілді сатып алу тетігін қолдану ұсынылған.

Жалпы бұл заң жобасын қабылдау экологияға оң әсерін тигізетіні анық, өйткені құжат қалдықтардың саны мен олардың полигонға келіп түсуін қысқартады.

Сенаторлар заң жобасын қарау барысында оның экологиялық әсеріне баса мән берді. Соған байланысты сенаторлар су қорғау белдеулеріне қатысты енгізілген түзетулерді тағы да пысықтау керек деп есептейді. Сондай-ақ депутаттар басқа да маңызды толықтыруларды заң жобасына енгізіп отыр. Сенаттың түзетулері Мәжіліске жіберіледі.

Жалпы қабылданғаннан кейін заң жобасы ел игілігіне қызмет етеді деп сенеміз.

Осы заң жобасы бойынша шақырылған әріптестерімізге рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік. Депутаттық сауалдар бар ма?

Слово предоставляется депутату Ершову Сергею Михайловичу.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханович.

Наш депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину.

«Уважаемый Аскар Узакпаевич! Поводом нашего депутатского запроса является необходимость безотлагательного решения вопросов, связанных с формированием и хранением Национального архивного фонда и архивов.

Согласно Закону «О Национальном архивном фонде и архивах» Национальный архивный фонд охраняется государством в качестве национального достояния Республики Казахстан. Государство берет на себя заботу о развитии и совершенствовании архивного дела.

В республике насчитывается 222 государственных архивных учреждения, в которых работают более 3 тысяч человек. Количество источников пополнения архивного фонда и комплектования государственных архивных учреждений за 20 лет выросло более чем в два раза.

Следует отметить, что многие государственные архивы все еще не могут создать страховые фонды из-за отсутствия соответствующего оборудования. Большинство хранилищ загружено на 100 процентов, существует недостаток мест для дальнейшего приема и хранения документов. А сами здания хранилищ государственных архивов находятся в ненадлежащем состоянии, мягко говоря.

Отдельного внимания заслуживает вопрос подготовки кадров и приема на работу молодых специалистов в данной области. Существующие квалификационные требования также препятствуют набору хороших специалистов.

Кроме того, депутатами Парламента поднимался вопрос государственной охраны национальных архивов. Сегодня охрана зданий областных, районных, городских государственных архивов обеспечивается частными охранными организациями, а также собственным персоналом архивных учреждений либо охранными организациями, привлекаемыми арендодателями зданий.

С сожалением надо признать, что подразделения по архивному делу, находясь в структуре Министерства культуры и спорта Республики Казахстан, обеспечиваются по остаточному принципу.

Для решения некоторых вопросов в данной сфере утвержден Комплексный план мероприятий по реализации проекта «Архив–2025» на 2020 – 2025 годы. На его реализацию предусматривалось 14,1 миллиарда тенге. Однако бюджетная заявка на реализацию Комплексного плана не получила одобрения на заседании Республиканской бюджетной комиссии, которое состоялось 2 апреля 2020 года.

В этой связи, уважаемый Аскар Узакпаевич, учитывая важность поднимаемых проблем, просим рассмотреть возможность:

- 1) выделения финансовых средств по своевременному исполнению пунктов утвержденного Комплексного плана;
- 2) образования ведомства по архивному делу в министерстве либо самостоятельной структуры, напрямую подчиненной Правительству Республики Казахстан, по опыту стран ближнего зарубежья (Россия, Украина).

В соответствии со статьей 27 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» просим дать письменный ответ по рассмотрению данного депутатского запроса в установленные законом сроки.

С уважением, депутаты Ершов, Кул-Мухаммед, Бактиярулы, Нурсипатов, Кожамжаров, Нуржигитова, Турегалиев, Жусип, Капбарова, Нукетаева».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Лұқпанов Сағындық Есенғалиұлына беріледі.

ЛҰҚПАНОВ С.Е. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне мұнай-газ-химия өнеркәсібін дамыту туралы дөңгелек үстел аясында жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Осыдан 12 жыл бұрын Қазақстан Республикасының мұнай-химия өнеркәсібін дамытудың 2008 – 2013 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленген болатын. Алайда 2010 жылы Үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде мұнай-газ секторын дамыту жөніндегі бағдарламаның қабылдануына байланысты алдыңғы құжаттың қолданылуы тоқтатылды.

Аталған мұнай-газ секторын дамыту бағдарламасында мұнай газын өндіру мен көмірсутектерді тасымалдауға басты назар аударылып, мұнай-химия өнеркәсібін дамыту және реттеуден күтілген көрсеткіштер енгізілген жоқ. Соның салдарынан бірінші бағдарламада көзделген этиленгликоль, терефталь қышқылы, этилбензол, поливинилхлорид, полистирол, полиэтилентерефталаат және бензол өнімдерін шығару іске қосылмай қалды.

Бүгінгі таңда көмірсутекті ресурстары бар көршілес бірқатар елдер өздерінің басымдылығын іске асырып, мұнай-газ-химия өнеркәсібін қарқынды дамытуда. Мысалы, Ресейде жылына 5,5 миллион тонна полиэтилен мен пропилен өндіретін 12 мұнай-газ химия кешені жұмыс істейді. Жалпы қуаты жылына 7 миллион тоннаға дейін болатын тағы мұнай-газ-химия өнеркәсібі кластерін салу жоспарлануда.

Әзірбайжанда полиэтилен мен полипропилен өндіру қуаты жылына 300 мың тонна, Түрікменстанда 550 мың тонна, Өзбекстанда 600 мың тоннадан астамды құрайды. Ал Қазақстанда жылына небәрі 70 мың тонна полипропилен өндіріледі.

Мұнай-газ-химия саласының өнімі мультипликативті тиімділік беретін белгілі полимерлі шикізат. Одан тоңазытқыштар, кондиционерлер, автомобильдерге арналған компоненттер, құрылыс және қаптама материалдары, тағы басқа өнімдер шығарылады.

Салада құрылған бір жұмыс орны жеті қосымша жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді, салынған бір доллар 2,3 доллар өсімді қамтамасыз етеді. Бұдан басқа әлемдік жалпы ішкі өнімнің орташа жылдық өсу қарқыны 3 пайызды көрсетсе, мұнай-газ-химия саласы 4,4 пайыз озық өсу қарқынын көрсетіп отыр. Сарапшылардың болжамдарына сәйкес 2030 жылға қарай 7 пайыздан асады.

Көрсетілген әлемдік трендтерге және ондаған жылдар бойы экономиканы әртараптандырудың саясатына қарамастан, Қазақстан мұнай-газ-химия саласын дамытуда белсенділік танытып отырған жоқ.

Елімізде мұнай-химия мен газ өңдеуді жоғары технологиялар болмауы, «ни в какие ворота не лезет», – деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айқын атап өтті.

Орташа және ұзақ мерзімді перспективада көмірсутегі ресурстарына ие елдер үшін мұнай-газ-химия өнімдері экспорттың негізіне айналатынын назарға ала отырып, Қазақстан бәсекелестерден артта қалуды азайту жөнінде шаралар қабылдауы қажет. Бұл үшін Қазақстанның мұнай-газ-химия саласының дамуын айқындайтын ұлттық жоба түрінде жекелеген директивалық құжаттың қабылдануы керектігін талап етеді.

Қабылданатын ұлттық жоба:

табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға;
қосылған құны жоғары және түпкілікті отандық полимер өнімін өндіруге, импортқа тәуелділікті төмендетуге және жоғары қайта бөлу өнімдерін өндіруге мүмкіндік береді.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-бабына сәйкес депутаттық сауалды қарау нәтижелері және оларды іске асыру жөнінде қабылданған шаралар туралы заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап қайтаруыңызды сұраймыз.

Құрметпен депутаттар Лұқпанов, Әділбеков, Дүйсембаев, Сұлтанов, Құртаев, Қаниев, Рысбекова, Мамытбеков, Алдашев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Біз бүгін маңызды заңдарды қарап, нәтижелі жұмыс істедік. Баршаңызға рақмет.

Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2020 жылғы 22 қазан

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам культуры», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі

А.Р. РАЙЫМҚҰЛОВАНЫҢ баяндамасы

Доклад Министра культуры и спорта Республики Казахстан

РАИМКУЛОВОЙ А.Р. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НҰРСИПАТОВ Н.Н. 3

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. 4

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі

А.Ж. ҚАПБАРОВАНЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке

КАПБАРОВОЙ А.Ж. 6

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ЖҮСІП Н.Б. 7

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату, су қорғау белдеулері және жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам энергетической утилизации отходов, водоохраных полос и перевозки грузов железнодорожным

транспортом», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Қ.Ә. ҚАРАКЕННІҢ баяндамасы

Доклад депутата Мажилиса Парламента Республики Казахстан
КАРАКЕН К.А. 9

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. 10

ПІРІМҚҰЛОВ А.Ә. – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі, вице-министр экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан 11

ҚАПБАРОВА А.Ж. 11

ПІРІМҚҰЛОВ А.Ә. 12

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі М.С. ЖҰМАҒАЗИЕВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий ДЖУМАҒАЗИЕВА М.С. 12

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

САФИНОВ Қ.Б. 13

БУЛАВКИНА О.А. 15

БЕКТАЕВ Ә.Ә. 16

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату, су қорғау белдеулері және жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам энергетической утилизации отходов, водоохраных полос и перевозки грузов железнодорожным транспортом» (второе чтение)

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі М.С. ЖҰМАҒАЗИЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий ДЖУМАҒАЗИЕВА М.С. 16

Депутат С.М. ЕРШОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЕРШОВА С.М. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 18

Депутат С.Е. ЛҰҚПАНОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы


Депутатский запрос депутата ЛУКПАНОВА С.Е. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 20

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева